

**Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
докторанты Бакеева Мадина Кайратжановнаның
6D040600- Режиссура мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған
«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы
режиссура генезисі мен даму перспективалары»
атты диссертациясына жазылған**

ҒЫЛЫМИ САРАПШЫ ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Докторант Бакеева Мадина Кайратжановнаның «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық жұмысы қазіргі заманғы медиакөңістіктегі өзекті тақырып екені даусыз. Жаһандану үдерісі әлемдік массмедианы, соның ішінде экрандық өнер саласын едәуір технологиялық, мазмұндық, сапалық, коммуникациялық жаңалықтар мен жетістіктерге жетеледі. Экрандық өнер саласында көптеген контенттік бейнематериалдар пайда болды. Отандық телевизиялық арналар бүкіл әлемдік жаһандану үдерісінің нәтижесінде сан алуан шетелдік контенттермен толықты. Осы орайда, медиакөңістікте ұлттық болмысымыздың өзегін сақтап, заманауи үрдіске сай кәсіби телевизиялық контент әзірлеу қажеттігі – уақыт талабы. Бұл ғылымы зерттеудің ең басты өзектілігі – осында.

Диссертациялық зерттеуде Қазақстан медиакөңістігіндегі заманауи үрдістерге негізделген отандық телеарналардың контенттік бейнематериалдары қарастырылады. Экрандық, соның ішінде телевизия саласындағы «контент» ұғымына анықтама беру арқылы, кәсіби телеконтенттің отандық медиакөңістіктегі өзекті мәселелерін зерттейді. Бұл ретте, докторант, телеконтенттің ғылыми-теориялық жүйелілігі мен психолінгвистикалық әсер ету факторларына, бейнематериалдарды эфирге дайындау барысындағы өндірістік-технологиялық тәсілдеріне мән беріп, нақты мысалдар негізінде талдау жасайды. Отандық телевизия мен телережиссураны ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырып, оның даму генезисін саралайды. Зерттеу жұмысында докторант заманауи Қазақстан медиакөңістігінде «ұлттық контент» құру мәселесінің өзекті де маңызды екенін атап өткен.

Докторант зерттеу жұмысының тақырыбын нәтижелі зерттеп, өзекті мәселелерді қозғау арқылы, отандық медиакөңістіктегі телевизияның рөлін айқындап, телевизиялық контент құрылымының, сонымен қатар, телевизиялық режиссураның кейбір кемшіліктерін атап өтеді. Ұлттық контент құрудағы телережиссура мамандығының даму перспективалары мен отандық телеконтенттің сапасын арттыру жолдарын қарастырады.

2. Диссертацияға қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптары аясындағы өзектілігі.

Диссертанттың зерттеп жазған жұмысының, ғылыми деңгейі, рәсімделуі, мазмұны, жаңалықтары мен қорғауға ұсынылатын нәтижелері, тұжырымдары 6D040600 - Режиссура мамандығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері ғылыми тұрғыда негізделген. Ғылыми және теориялық негіздемелері толыққанды дәйектелген. Жұмыстың құрылымы жүйелі, ғылыми нәтижелері мен қағидалары толық баяндалған.

1-ші ғылыми нәтиже. Әлемдік телережиссураның генезисі мен даму кезеңдері сарапталып, контент терминінің негізгі сипаттық белгілері анықталды. Контент ұғымының ғылыми негіздері айқындалып, оның әлемдік телевизия саласындағы негізгі тұжырымдары жүйеленді;

2-ші ғылыми нәтиже. Масс-медиа зерттеулеріндегі телережиссураның теориялық тұжырымдары мен техникалық сипаттамасы сарапталды;

3-ші ғылыми нәтиже. Әлемдік деңгейдегі телережиссураның заманауи экрандық контент құру үрдістері тұңғыш рет айналымға түсіп, зерттеу нысаны ретінде қарастырылды;

4-ші ғылыми нәтиже. Отандық телевизиядағы сапалы телевизиялық контенттің қалыптасу негіздері мен даму бағыттарына сараптамалық талдау жасалып, ұлттық телеконтент режиссурасы алғаш рет ғылыми тұрғыда жүйеленіп зерттелді;

5-ші ғылыми нәтиже. Қазақстандық телеарналардағы контент құрудың өзекті мәселелері айқындалды;

6-шы ғылыми нәтиже. Отандық телеарналардағы контенттің сапалық ерекшеліктері анықталды;

7-ші ғылыми нәтиже. Медиакеңістіктегі заманауи технологияларды қолданудың кәсіби әдіс-тәсілдері ұсынылды;

8-ші ғылыми нәтиже. Медиаплатформалар кеңістігіндегі жаңа технологиялар мен телережиссураны модернизациялау әдістері арқылы сапалы ұлттық контент қалыптастырудың жолдары қарастырылды.

9-шы ғылыми нәтиже. Бүкіләлемдік жаһандану үрдісі отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық даму перспективалары айқындалды;

10-шы ғылыми нәтиже. Экрандық өнер саласының теориялық негіздерін зерттеу нәтижесінде автор заманауи талаптарға сай, экрандық салаға қатысты көркемдік шешімдер мен техникалық тәсілдерді, тақырыптық-мазмұндық және кәсіби-шығармашылық, ғылыми-әдістемелік принциптерді қамтитын жаңа ұғым - «сапалы экрандық құралдар» (СЭҚ) терминін ғылыми айналымға түсірді.

11-ші ғылыми нәтиже. Экрандық саладағы режиссуралық кәсіптің барлық саласын қамтитын теориялық тұжырымдарға сүйеніп, кәсіби телевизиялық қызмет аясында жүзеге асатын шығармашылық әдіс-тәсілдердің қолданыс аясын бір арнаға тоғыстыратын «Режиссерлік формат» терминін тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу деңгейі және шынайлық дәрежесі.

Докторанттың диссертацияда мазмұндаған тұжырымдары мен қорытындыларының теориялық - әдіснамалық негізін анықтауда тарихи - танымдық, оқу - әдістемелік, энциклопедиялық - анықтамалық, өнертанушылық әдістері қолданылған.

Біріншіден, тарихи - танымдық тақырыптарды аудио - визуалды өнер тұрғысынан зерттеуде: Ан. Варганов, Р. Арнхейм, Ж. Садуль, Е. Теплиц, С. Эйзенштейн, Л. Кулешов, Г. Козинцев, М. Мартен, С. И. Фрейлих, А. Н. Митта сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектерін қолданған.

Екіншіден, телевизия үлгісіндегі жаңа эфирлік платформаларды анықтауда, медиатеchnологиялар шеңберінде К.Разлогов, Э.Багиров, В.Костоусов, С.Фурцева, Ю.Богомоллов сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылған. Заманауи экрандық өнер режиссурасының бағытын зерттеуде отандық телевизия қызметкерлерінің зерттеулері қарастырылған. Солардың ішінде М.К. Барманкулов, С. Барлыбаева, Қ. Тұрсын, Ж. Әбдіжәділқызы, Г.Б. Абильдина, Ж. Тойбаева, Т. Кабиеваның жұмыстары негізге алынған.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

1. тұжырым. Әлемдік телевизияның генезисін зерттеуде телережиссураның қалыптасу тарихындағы негізгі үш кезең айқындалды: 1) Телевизияның дербес медиа саласына айналуы (1940-жылдар). 2) Кинорежиссура принциптерінің телевизиялық режиссура саласына бейімделуі (1950-1960 жж); 3) Телевизиялық режиссураның қалыптасуы (1960-1970 жж.); Сондай-ақ телевизиялық контент ұғымының негізгі сипаттық белгілері – ЖТС түсірілімі, көпкамералық түсірілім, синхрон, тікелей қосылым, БМЖ (Бейнемагниттік жазба), т.б. Әлемдік телевизия саласындағы негізгі эфирлік тарату форматтары ретінде аналогтік, кабельдік, спутниктік, цифрлық сигнал тарату жүйесі мен стримингтік платформалар жүйелері айқындалған;

2. тұжырым. Масс-медиа саласында телевизияның ХХ ғасырдың 50-70 жылдары қалыптасқан шығармашылық-көркемдік, ал 80-90 жылдары техникалық мүмкіндіктерінің теориялық негіздері, атап айтсақ: экран тілі, авторлық режиссура, бейнемонтаж принциптері, түсірілім әдістері, телевизияның техникалық тәсілдері және т.б. қарастырылған. Телережиссураның теориялық аспектілерін зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырып, телережиссураға негізделген ғылыми-теориялық зерттеулердің базасының аздығын атап көрсеткен.

3. тұжырым. Әлемдік телевизия үлгілері: көпкамералы (мультикам) түсірілімдер, студиялық, ЖТС-тік, деректік-хроникалық, бейсызықты монтаж, техникалық түсірілім әдістері негізінде біріңғай телевизиялық режиссура стандарттары енгізілген.

4. тұжырым. Қазақ телевизиясы әлемдік телевизия сынды өз тарихында бірнеше даму кезеңдерін атап өткен. Отандық телевизияның құрылу кезеңі әлемдік үдерістен кешірек қалыптасқанымен, жаңадан құрылған аудио-визуалды медиакеңістік ретінде ұдайы дами бастады. Осы орайда, отандық телевизия тарихындағы контент құрудың бірнеше даму кезеңдері топтастырылған: 1) Қазақстанда алғаш рет телевизиялық эфир арқылы бағдарламалар тарату тәжірибесі (1958-1960 жж). 2) Ұлттық кәсіби мамандар базасының құрылуы, телебағдарламалар аясының кеңеюі (1960-1970 жж). 3) Телебағдарламалардағы ұлттық контент үлесінің артуы (1970-1980 жж). 4) Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін отандық эфир тарату жүйесінің саяси-әлеуметтік, мәдени-ақпараттық тұрғыдан дербес құрылымға айналып, отандық телеконтенттің тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан трансформациялануы (1991 ж. бастап). 5) Қазақстандық телевизияның цифрлық форматқа ауысуына байланысты телебейненің техникалық сапасы жақсарып, өндірістің барлық сатыларының едәуір ілгерілеу кезеңі (2012 ж. бастап).

5. тұжырым. Технологиялық даму құбылыстарын ХХІ ғасырда жетік меңгеріліп, өзектілігін жоймаған, телевизиялық тың дүниелерді қайта модернизациялауға арналған жаңа перспективалары кеңістігінде қарастыру ұсынылған. Отандық медиа кеңістігінде әлемдік үрдістерге сай заманауи стримингтік платформаларды енгізіп, ұлттық контентке негізделген өнімдермен толықтыру маңыздылығы айтылған. Жаһандану процесінде әлемдік медиакеңістікке жаңадан қосылып жатқан стримингтік платформалардың өсу динамикасын анықтап, контенттің жаңа үлгілерін отандық нарыққа енгізу қажеттігін ұсынған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Үш бөлім, тоғыз тараушадан тұратын зерттеу жұмысы нәтижелерінің бірлігі сақталған, әр бөлім, әр тарауша тиянақты түйінделген.

Зерттеу жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдар мен авторлық қорытындылар өзара сабақтастықта жүйеленген. Ғылыми зерттеудің теориялық - әдіснамалық негізін анықтауда тарихи - танымдық, оқу - әдістемелік, энциклопедиялық - анықтамалық, өнертанушылық әдістер кеңінен қолданылған.

Ізденуші тұжырым жасауда теориялық еңбектер мен тәжірибелік мысалдарды ұтымды пайдаланған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің өзекті мәселені теориялық немесе қолданбалы негізде міндетті түрде шешуге бағытталғандығы.

Телевизия саласындағы режисерлік шеберлікті танытудағы, контент құрудағы режиссура әдісінің ерекшеліктері теориялық және практикалық тұрғыдан ұсынылған. Телевизия саласында білім алушыларға ғылыми-әдістемелік нұсқау, оқу-әдістемелік құрал бола алады.

7. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу деңгейі және шынайлық дәрежесі.

Докторнат ұсынған қорытындылар мен нәтижелер тақырыпқа қатысты еңбектердегі тұжырымдарды басшылыққа ала отырып, ғылыми тұрғыда негізделген. Осы орайда, бұл зерттеу болашақ мамандар даярлаумен қатар, Отандық режиссура саласының түсірілім барысында жаңа технологиялық стандарттарға сай жұмыс істеуіне жол ашатын әдістемелік нұсқаулық ретінде қолданылуға лайықты еңбек болып табылады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жарияланымда расталуы.

Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus-тың ақпараттық базасына кіретін журналда ғылыми мақала ретінде жарияланған. Жалпы саны 8 ғылыми мақала жарық көрген.

8. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.

Аңдатпа диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымына толық сәйкестендірілген. Аңдатпадағы негізгі зерттеулер ғылыми тұрғыда рәсімделген. Аңдатпа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді. Дегенмен, М.К.Бакееваның диссертациялық жұмысын қарау барысында келесі сауалдар туындады:

1. Зерттеу еңбек мәтініндегі ғылыми стильдің негізделген жүйеде қолданылмауы неліктен орын алған?
2. Телевизиялық контентке тән кәсіби терминдер неліктен мейлінше толыққанды қамтылмаған ?
3. Шетел тілінен енген ұғымдар мағыналық тұрғыда неге дұрыс қолданылмаған?

Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың жетстіктерімен бірге, жұмыс барысында кездескен кейбір кемшіліктерге байланысты бірқатар ескертулер бар:

1. Зерттеу еңбек мәтініндегі ғылыми стильдің негізделген жүйеде қолданылмауы (мысалы: «Телережиссураның тарихи-теориялық аспектілері» деген тақырыбын «Телережиссураның ғылыми-теориялық аспектілері» деп өзгердуді ұйғардым; «Медиа продакшн кеңістігіндегі заманауи технологияны қолдану жолдары» деген тақырыбында продакшн сөзін қисынсыз пайдаланылғандықтан алып тастап, «Медиакеңістіктегі заманауи технологияны қолдану жолдары» деп өзгердуді ұйғардым; т.с.с.

2. Телевизиялық контентке тән кәсіби терминдер толыққанды қамтылмаған (мысалы: кәсіби телеконтент; аудиовизуальды контекст,

телеконтенттің психолінгвистикалық аспектілері, кадр сыртындағы мәтін, т.с.с)

Алайда, аталған ескертулер зерттеудің құнын түсірмейді және талапқа сай орындалған еңбектің кәсіби деңгейі мен теориялық мазмұнына нұқсан келтірмейді.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Докторант Бакеева Мадинаның «Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық жұмысы зерттеу ауқымдылығымен, нақты, әрі дәл қарастырылған мазмұнымен, тақырыпқа сай орынды қолданылған жүзден астам ғылыми еңбектен келтірілген сілтемелерімен, ғылыми-теориялық негіздегі қорытынды тұжырымдарымен құнды зерттеу болып саналады.

Жоғарыда айтылған бірқатар ескертулерге қарамастан, тұтастай алғанда диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес жазылған.

«Қазақстан телевизиясында ұлттық контент құрудағы режиссура генезисі мен даму перспективалары» атты диссертациялық жұмыстың авторы, докторант Бакеева Мадина Кайратжановнаны 6D040600 «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми пікір білдіруші:



Әбдіжәділқызы Жидегұл

филология ғылымдарының кандидаты,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
"Баспасөз және электронды БАҚ"
кафедрасының доценті

